

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

## Жастарға жәрдем

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,  
«Orталық Қазақстан»

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жастардың кәсіпкерлік ынтасын ояту үшін шағын несие беру мәселесі пысықталуда. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Асқар Ниязов несиенің жастарға қандай тәртіппен берілетінін мәлімдеді.

– Президент тапсырмасына сәйкес, несиенің пайыздық мөлшерлемесі – 2,5%. Жастарға 5 млн. теңгеге дейін несие беріледі. Төлеу мерзімі – 5 жыл. Ауыл шаруашылығымен айналысамын, ірі қара мал өсіремін деп несие алса, ол 7 жылға берілетін. Кепілдік қою талап етіледі. Кепілзат жылжымайтын мүлік болуы міндетті емес, басқа баламалы мүлік болуы мүмкін. Сондай-ақ, несие 1,5 жылдан соң төлеуге болады. Несие алған жастарға 1,5 жылға «демалыс кезеңі» беріледі, яғни осы уақытта олар ай сайынғы жарнаны төлеуден босатылады. Алайда, осы уақыт аралығында олар өз кәсібін ашып, оны дамытуға тиіс, – деді Асқар Нұрланұлы.

Қазіргі уақытта ережелер жобасы әзірленді. Құжат «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Жоба операторы ретінде Аграрлық несие корпорациясы белгіленді.

● СҮЙІНШІ!

## Бас жүлде – Гүлбақшада

Облыстық «Сауағқа» телеарнасының шеф-редакторы, белгілі журналист Гүлбақша Ақжанова әріптесіміз «Шаңырақ» республикалық шығармашылық байқауының бас жүлдесін иеленді.



Әріптесіміздің бұл жетістігі Арка журналистикасының абыройы. Кезікарлық көрермен Гүлбақша әріптесіміздің хабарларын, репортаждарын үзбей көреді. Тележурналистикада өзіндік қолтаңбасы бар.

Әріптесіміздің өзі «Бұл «Сауағқа» телеарнамын және «Аймақ айнасы» хабарындағы кейіпкерлерімнің жеңісі» дейді. Бұған дейін де талай шығармашылық байқауларда олжа салып жүрген әріптесімізді кезекті жүлдесімен құттықтап, шығармашылығына шалқар шабыт тілейміз.

Өз тілшімізден

● МЭЗГЛ МӘСЕЛЕСІ

## Коммуналдық сала қамқорлық күтеді

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,  
«Orталық Қазақстан»

Қырық құрау коммуналдық сала – ескі жара. «Кәрі құда» табалдырықтан аттай бере сол ескі жараның аузын тырнап әлек. Қарашаның басындағы апаттан Риддер әлі ес жиып үлгермеді. Енді іргедегі Екібастұз жалпақ жұрттан жылу жинауға мәжбүр. «Кезекте келесі кім тұр?» деген көңіліміз алаң.

Алаңымыз – орынды. Энергетика министрлігінің мәліметінше, Қазақстандағы жылу электр орталықтарының тозуы орта есеппен 66 пайызды құрайды. Ал, Қарағанды облысындағы көрсеткіш 70 пайызға жетті.

Көмірлі өлкеде көңілді күпті қылған мәселе көп. Айдың күні аманда жаурап отыратын Теміртауда жылыту маусымы биыл да әуіріммен басталды...

### Президенттің пәрмені

Мындаған екібастұздықты бір-ақ түнде тоқсаныншы жылдарға топ еткізген апаттан кейін Президент Үкіметке пәрмен берді. Бұл туралы баспасөз хатшысы Руслан Желдібай айтты. «Мемлекет басшысы Премьер-Министр Әлихан Смайловқа еліміздің қалаларындағы проблема жиі туындайтын энергетикалық активтерді мемлекет меншігіне қайтару мәселесін қарастыруды тапсырды. Себебі, аталмыш активтерді сапасыз басқару салдарынан жылу электр стансалары апатқа жиі ұшырап, тұтынушы-



Коллажды жасаған: Марал ӘЙНЕКОВА

ларды электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ете алмай отыр...» деген жазбасын жариялады. Сондай-ақ, Екібастұздағы апатқа кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы тапсырма берілгенін де мәлімдеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін стратегиялық нысандарды мемлекет меншігіне алу жөніндегі жұмыстың тамырына қан жүгірді. Премьер-Министрдің баспасөз қызметі Үкімет пен Бас прокуратура бірнеше стансаны қайтаруға бел шеше

кіріскенін хабарлады.

Сала мамандарының пайымынша, стратегиялық кәсіпорындар бабында ұстау қажетті қаражатты қажет етеді. Қазандықтардың құлағын ұстаған кейбір қожайындардың бұл мақсатта тиын шығаруға құлқы жоқ. Немесе қарызға белшеден батқан. Технологияны жаңғыртуға жоқшылық қолбайлау. Ескіні жамап-жасқаумен ұзаққа бармасы да анық.

Монополистер кит етсе, тарифті көтеру туралы мәселе көтереді. Ал, Үкімет тарифті қымбаттатпай-ақ проблема түйінін тарқатуға қарастыруда. Билік жекеңнің меншігіндегі

орталықтарды қайтару арқылы энергетикалық қауіпсіздік тізгінін қолға алуды көздейді.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, қазір Қазақстандағы ЖЭО-лардың басым бөлігі – 22-сі – жекеменшікке тиесілі. Мемлекет иелігінде 10 орталық бар. Ал, бес орталық – квазимемлекеттік құрылымның қолында.

Стансалардың «орташа жасы» – 61 жыл. 76 пайызының жұмыс істеп тұрғанына жарты ғасырдан асты. Энергетикалық жаңғырту қажет-ақ. Бұл тұрғыда жекеменшік кәсіпорындар ерекше қамқорлыққа зәру.

➔ 2-бетте

● БӘРЕКЕЛДІ!



## Бүгінгінің батырлары

Күні кеше Нұра өзенінің үстімен өтіп бара жатқан көлік кенет мұз шытынап сынып, суға батады. Көліктің алдында отырған жиырма бір жастағы Оразалы Асылханов дем жинап алып, дереу қимылдап, қасындағы жолаушыларға көмек көрсетеді. Оқыс оқиғаны өтіп бара жатып байқаған Думан Кәменов те көмекке келіп, көлік ішінен балаларды сыртқа алып шығып, алғашқы көмек көрсетеді.

Қасымхан ҒАЛЫМ  
«Orталық Қазақстан»

Күннің суығында суға секіріп, адамды ажалдан арашалау, ерлік көрсету екінің бірінің қолынан келмейді. Ол үшін батырлық һәм үлкен жүрек керек.

Ел Президентінің өзі айтты емес пе? «Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар – біздің арамызда» деп.

Байқайсыз ба? Біздің қоғамға батыр керек. Кешелі-бері екі азаматқа деген елдің ықыласы ерек.

Білуімізше, Оразалы мұндай батыл қадамға бірінші рет барып отырған жоқ. Екі жыл бұрын дәл осы Нұра өзенінде суға ба-

тып бара жатқан үш қыз баланы құтқарып қалған. Ол бұл ерлігін елге жария етпеген, ештеңе күтпеген.

Батыр жігіт жақында ғана отау құрыпты. Тойын 10 желтоқсанға белгілеген екен. Үйінің үлкен үміт артып отырған жалғыз ұлы. Кешегі оқиғадан кейін суық өтіп, сырқаттанып қалған. Дәрігерлер Оразалының денсаулығы қалыпты екенін айтады. Әйелі екеуі Теміртаудың емханасында ем-дом қабылдап жатыр.

Ал, Думан Кәменов Ғабиден Мұстафин кентіндегі сот ғимаратында күзетші болып еңбек етіп жүр. Биыл қырықтың қыркасына шығыпты. Осы ауылдың тумасы.

Рас, адамды ажалдан арашалап алып қалудың ешқандай оқуы жоқ. Бірақ, бүгінгінің батырлары үлгі боларлық ерлік көрсетті. Елдің, халықтың алғысы алғаусыз. Ол анық. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті көмек көрсеткен қос батырды марапатқа да ұсыныпты.

Мүмкін, жұмыссыз жүрген Оразалының жұмысқа орналасуына ықпал етіп, тойына да тиісті жәрдем көрсетілер. Бастысы, батырларды бағалау, құрметтеу – біздің борыш.

### Бет қатталып жатқанда...

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің facebook парақшасында қос батырдың ерлігіне алғыс білдіріп, Думан Кәменов пен Оразалы Асылхановқа әрқайсысына 5 млн теңге сыйақы берілетінін мәлімдеді.

## Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11697,00	11838,00
		6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6201,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Orталық Қазақстан» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Еркемов көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Orталық Қазақстан» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Жаңа автобустар жолға шықты

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда қала ішіндегі бағыттарға жүретін 35 жаңа автобус пайдалануға берілді. №3 автопаркіне жаңа автобустар әкелініп, № 40, 43, 53, 118 қалалық маршруттарының қатары көбейді.



● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Тиімді жоба – жаңа мүмкіндік

Ақтоғай ауданы Ақтоғай кентінде К.Бәйсейітова атындағы тірек мектебінің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды. «Ауылдық жердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында пәндер мен бағыттар бойынша 24 оқу кабинетімен бірге мектепте қосымша білім беру STEM зертханасы, Арт-студия, шеберханалар жабдықталып, керек құрылғылармен толықты.

Аталмыш жоба аясында атқарылған жұмыстар бойынша өткен таныстырылымға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Е.Әліқұлов, Қарағанды облысының білім басқармасының басшысы Г.Қожахметова, «Білім беруді тұрақты дамыту» қорының директоры Д.Тоқтарбаев, «Қазақстан Халқына» қорының ресми өкілі Д.Бейсенбек, «Aitas» холдингінің әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі вице-президенті К.Верба қатысты.

Ақтоғай ауданының 11 магниттік мектептерінде тірек мектебінің тәжірибесін трансляциялау үшін қажетті базамен жабдықталды. Және қосымша білім беруге арналған мектеп телестудиясы ор-

наттылды. Сонымен қатар, мектеп мүғалімдері НЗМ мамандарынан әдістемелік көмек алды. Көрсетілген көмек пен ынтымақтастық үшін Қордың барлық өкілдеріне, серіктестер мен демеушілерге алғыс айтамыз, – деді Қарағанды облысының білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова.

Айта кетейік, К.Бәйсейітова атындағы тірек мектебінде 376 оқушы білім алып, 49 педагог еңбек етуде.

Ақтоғай ауданы

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

# Арқа спортының айбыны басым

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма басшысының дерегіне сүйенсек, өңірде 430 мыңнан астам адамды қамтитын 1 133 спорт ұйымы және 28 мыңнан астам адамды қамтитын 39 спорт мектебі бар. Жалпы білім беретін мектептерде 75 176 баланы қамтитын 4 542 спорт секциясы, колледждерде – 288, жоғары оқу орындарында 126 спорт секциясы бар. Қазіргі уақытта секцияға балалар мен жасөспірімдерді тарту мақсатында мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы қаржыландыру жобасы іске асырылуда. Спорттың 26 түрі бойынша 173 спорт секциясы ашылған. Қазір онда 8 961 адам тегін жаттығады. Жыл басынан бері осы жобаны іске асыруға 1 млрд. 919 млн. теңге бөлінді.

Өңірлерде бұқаралық спортты дамытуда нұсқаушылар үлкен роль атқарады. Бүгінде облыста осындай 388 маман жұмыс істейді. Оның 143-і ауылдық жерлерде. Бұдан бөлек, 42 спорт нұсқаушысы қажет. Олардың жұмысын қалалық және аудандық әкімдіктер өз бюджеттері есебінен ұйымдастыруы тиіс. Қазіргі уақытта облыста 2782 спорт ғимараты жұмыс істейді. Оның 980-і – ауылдық жерлерде. Жыл сайын облыста көбірек спорт нысандары салынууда. Дегенмен, оларға қажеттілік әлі де байқалады. Мәселен, 7 спорт кешені мен 25 метрлік 72 бассейн қажет. Жыл соңына дейін облыстың қалалары мен аудандарында 85 ашық спорт алаңы ашылады, – деді Темірхан Абылаев.

Шахтинск қаласында 160 орындық бассейні бар денешынықтыру-сауықтыру кешені салынып, Ал, Балқаштағы Қоңырат шағын ауданын-

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік беретін жаңа кешендерді салу қажеттілігі бар» деп атап өткен болатын. Осы мақсатта облыс әкімдігі тарапынан бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Бұл туралы спорт және денешынықтыру басқармасының басшысы Темірхан Абылаев өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында баяндады.



да спорт кешені, Нұра ауданы Нұра кентінде жабық хоккей корты және жеке инвестор есебінен Қарағанды қаласында футбол манежі ашылды. Сондай-ақ, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында бірқатар спорт кешендерінің құрылысы аяқталуға жақын. Нұра ауданы Шахтер ауылындағы жабық хоккей кортын, Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ кентіндегі 100 орындық денешынықтыру-сауықтыру кешені де айта кеткен жөн. Бұдан бөлек, аталмыш бағдарлама шеңберінде Ақтоғай ауылындағы стадионға қайта жаңарту жұмыстары, ал, Осакаров ауданы Молодежный

кентіндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Келер жылы Ботақара, Мұстафин, Топар кенттері мен Приозерск қаласында денешынықтыру-сауықтыру кешені бой көтермек. Бұдан бөлек, келер жылы Қарқаралы қаласында стадионның, Ақтас кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешенінің, Осакаровка ауылында жүзу бассейнінің құрылысы басталады. Ал, Приозерск қаласындағы стадионға, Теміртаудағы «Строитель» спорт кешеніне, Қарқаралыдағы «Барс» спорттық-сауықтыру лагеріне жөндеу жұмыстары үшін

бюджеттен қаржы бөлінген.

Сонымен қатар, мүгедектер спорттына көп көңіл бөлінеді. Өңірімізде аутизм бар балаларды жүзуге үйретуден республика бойынша жалғыз жоба іске асырылуда. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 49 млн. теңге бөлінді. 10 жаттықтырушы арнайы оқытудан өтіп, Қарағанды, Теміртау және Саран қаласында 90 баланы жүзу спортына баулууда. Бұл жоба 2023 жылы да жалғасатын болады. Спортпен айналысатын балалар санын – 60 адамға, бапкерлер санын бес маманға көбейту жоспарда бар. Мүгедектер спорты бойынша мамандандырылған спорт мектебінде 16 спорт түрі қолға алынған. Онда 450 мүгедек шұғылданады. Олардың 222-сі балалар, – деді Темірхан Серікбайұлы.

Басқарма басшысы өңірдегі маңдайалды спортшылардың жетістігіне де тоқталды. Және де көкпардан облыстың құрама командасы құрылатынын да баса айтты.

Өңіріміздегі ұлттық спорт түрлерінде де белгілі бір ілгерілеушілік байқалады. Ұлттық спорт түрлерінің танымалдығы, әсіресе, жастар арасында артып келеді. Көкпармен айналысатындар саны әсіресе ауылдық аймақтарда едәуір өсті. Облыстық турнирлерге командалар көптеп қатыса бастады. Келер жылдан бастап көкпардан облыстық клуб ашылып, құрама команда құрылатын болады, – деді басқарма басшысы.

Бұдан бөлек, олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебінде қазақ күресінен және тоғызқұмалақтан бөлімшелер ашылды. Қазақ күресі бөлімшесі Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжінде жұмыс істейді. Облыс аудандарында түрлі ұлттық спорт түрлері бойынша тағы 17 маманға жаттықтырушылар штатын кеңейту туралы шешім қабылданды.

### Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің назарына

## Аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кеткен мүшелердің орнына өзгерістер енгізу туралы Қарағанды облыстық мәслихатының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10 және 19-баптарына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясының кейбір мүшелерінің шығып қалуына байланысты Қарағанды облыстық мәслихаты аумақтық сайлау комиссиясының құрамына өзгерістер енгізілетіні туралы хабарлайды. Облыстық аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кеткендердің орнына 5 мүше алынады. Сайлау комиссиясы мүшелердің жалпы саны – 7. Жұмыс істеп жатқан аумақтық сайлау комиссиясының өкілеттік мерзімі 2024 жылға дейін.

Әрбір саяси партия немесе оның құрылымдық бөлімшесі аумақтық сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы. Мәслихат белгілеген (сайлау комиссиясын құру мерзіміне дейін 15 күннен кем емес) мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясын өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша сайлайды.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адамдар оның жұмысына қатысуға келісетіні

туралы өтініштерін қоса береді. Ұсынылған кандидатуралар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 2-1, 10-тармақтарына және 20-бабының 12-тармағына сәйкес болулары тиіс.

Осы ұсыныстар облыстық мәслихатта 2022 жылғы 1-15 желтоқсан аралығында қабылданады (дүйсебі-жұма 9:00-ден 18:30-ға дейін).

### I. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

Облыстық мәслихаттың мекеңжайы:

Қарағанды қ., Әлиханов қ., 13-үй.

Облыстық мәслихаттың хатшысы – Өтешов Серік Балғатайұлы.

Материалдарды жинауға жауапты: Кабирова Ләззат Рафикқызы – облыстық мәслихаттың бас инспекторы, қызмет телефоны: 50-66-73, ішкі 6109.

### Қарағанды облыстық мәслихаты қалыптастырады:

1. Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы – Қарағанды қ., Әлиханов қ., 13-үй, облыстық әкімдіктің ғимараты, 322 кабинет.

# Коммуналдық сала қамқорлық күтеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Қарағандының халі қалай?

#### Теміртау «топ жарды»

Былтыр ел көлемінде жылу берудегі ақау бойынша 36 дерек тіркелді. Атап өтері, бұл оқиғалардың барлығы жекеменшік нысандарда орын алды. Тізімде Теміртаудағы ЖЭО-2 көш бастап тұр. Нақты айтсақ, ЖЭО-2-де – сегіз, Степногорскідегі ЖЭО-да – бес, Балқаштағы ЖЭО-да – бес, Петропавлдағы ЖЭО-2-де – үш, Ақтөбелегі ЖЭО-да – үш және Қарағандыдағы ЖЭО-3-те екі оқиға тіркелді.

Қарап отырсақ, Теміртаудың «топ жарғанынан» бөлек, Қарағанды облысының үлесі басым.

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының ақпаратына сүйенсек, аймақта сегіз энергия көзі бар. Бұлардың арасында біреуі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның өндірістік қажеттілігіне жұмыс істейді.

Қазіргі таңда стансалардың тозу деңгейі орта есеппен 70 пайызды межеледі. Мұнда Топар БТЭС, 1-БТЭС, Балқаш ЖЭО және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-на қарасты ЖЭО-2-дегі қондырғылардың тозуы 75 пайыздан асты. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айыратын статистика.

Әрине, ескірді деп қарап отырған құрылтайшы да жоқ. Биыл жылу электр орталықтарында 44 қазандық және 26 турбинаны жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ, энергия көздерін дамыту жоспарларына сәйкес іс-шаралар қолға алынды. Энергетика министрлігі мен энергия өндіруші ұйымдар арасындағы инвестициялық келісім шеңберінде Қарағандыдағы ЖЭО-3, «Қазақмыс энерджи» ЖШС-нің иелігіндегі Топар және Балқаш стансаларының қуатын арттыру бойынша жобалар қанат қақпақ. Яғни, 2027 жылға дейін қосымша 310 МВт электр және 430 Гкал/сағ жылу қуатын енгізу жоспарлануда. Теміртаудағы стансаны да күшейту бағытында жоспар бар. Сәтін салса, құрыш қаланың бойы жылынаттынына сенгіміз келеді.

Қарағанды қаласының жылуына жауапты «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС-нің қарауында екі орталық бар. ЖЭО-1 – 1960 жылы, ЖЭО-3 1977 жылы іске қосылды. Бұл стансалардың жағдайы өзгеше қарағанда тәуір. Бүгінде қос станса жабдықтарының тозуы – 53,6 пайыз деңгейінде. Серіктестіктің баспасөз хатшысы Татьяна Клокованың айтуынша, кәсіпорындарды жаңғырту, қуатын арттыру бағытында ауқымды жұмыс жүргізіліп келеді.

– 2010-2016 жылдар аралығында «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС қолданыстағы жабдықты жаңарту, жаңғырту және ЖЭО-3 қуатын кеңейту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырды. Бағдарлама шеңберінде 2012 жылы – №5 турбоагрегат, 2016 жылы жаңа энергоблок – қазандық агрегаты және турбина іске қосылды. Жаңа бөлшектердің арқасында және негізгі жабдықты жыл сайын күрделі жөндеуден өткізу нәтижесінде тозу көрсеткіші едәуір төмендеді, – дейді баспасөз хатшысы.

Сондай-ақ, кәсіпорын Оңтүстік-Шығысты жылумен қамтитын 3-ші жылу магистралі құрылысын, №9 қазандық агрегаты мен №7 турбоагрегат салу жобасын жүзеге асырмақ. Аталған жобалар станция қуатын арттыруы тиіс.

Қос стансадағы 13 қазандық, 10 турбина, 3 су жылыту қазандығы күрделі немесе ағымдағы жөндеуден өтті. Бұл мақсатта 11 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінген.

– Қарағандыда 2,5 мыңға жуық үйге, бірнеше жүз мекемеге, оның ішінде, 180-нің шамасында білім беру және денсаулық сақтау нысандарына жылу беріліп отыр. Жылыту маусымы ойдағыдай өтіп жатыр, – дейді Татьяна Клокова.

Қысқасы, компания өкілі жылыту маусымына қапысыз қамданғанын айтады.

Арқаның қары алты ай жатады. Қыс қаһарымен сынға алар кез әлі алда...

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА



## «Ән керуен» ауылдарды аралап жүр

Қазақ мәдениетінің алтын дінгегі саналатын дәстүрлі ән-жыр өнерінің насихатталуы, ел арасында негізгі шара түрінде жолға қойылуы, халқымыздың руханиятына жасалған үлкен абыройлы қамқорлық. Осы орайда, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің тікелей қолдауымен екі жылдан бері аталмыш мәдениет ошағының дәстүрлі әншілері «Ән керуен» атты концерт ұйымдастырып келеді. Алғашқыда қалаларда «Ән керуен» салтанат құрса, бүгінде ауылдарға барып, тыңдарманға ерекше серпіліс, рухани азық сыйлап отыр.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Таяуда гастрольдік сапармен өнер ұжымы «Қызылқой», «Талды», «Ақтоғай», «Сауде», «Кеншоқы», «Ақсу-Аюлы» елді мекендерінде концерт беріп, БАҚ өкілдерімен жүздесіп, сапардың жоспарымен бөлісті.

— Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайнары, мәйегі — дәстүрлі әні. Сондықтан да, халық дәстүрлерін оның ішінде ежелден бізге жеткен әнін діріптеудің маңызы зор. Халық өнеріндегі шоктығы биік дәстүрлі ән айту

өнері, ғасырдан-ғасырға өмір шежіресі болып жетті. XIX ғасырда домбырамен ән айту өнерінің дамуы өзінің шырқау шегіне көтерілгенін байқау қиын емес. Оған арқау болған Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Мәди, Әсет сынды көптеген өнер иелерін айтуға болады. Сол бабадан мұра болған асыл өнерді ұмыт қалдырмай тыңдарманға ауылдағы халыққа жеткізуді мақсат тұттық. Дәстүрлі әншілер топтасқан «Ән керуен» атты концертке

қолдау білдірген Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің басшылығына алғысымыз шексіз. Ауылдағы ағайын әнге сусап қалған екен. Барған жерімізде батасын беріп, қазақ өнерінің асыл шыңы дәстүрлі халық әндеріне деген ерекше құрметін көрсетті, — дейді «Ән керуен» жобасының және Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің дәстүрлі әншілердің көркемдік жетекшісі, әнші Дәуренбек Әрқенов.

Талай дүлдүл әншілерді, дәулескер күйшілерді туғызған, қасиетті Ақтоғай, Шет аудандарында бұл игі бастама, көпке үлгі, ел сүйсіне айта жүретін, тағылымы мол тарихи танымдық шара болды десек, артық айтқандық емес.

Концерт барысында халықаралық байқаулардың лауреаты Мәдет Осатаев Ақан серінің «Маңғангері» мен Манарбек Ержановтың «Сайра бұлбұлын» әулетесе, күміскөмей әнші Гүлмира Тапай халық әні «Қара Жорға» мен «Илиғай, әттең, шіркін!» әнін «Әриядайды» нәшіне келтіре

шырқады. Кенжебек Күмісбековтің әні «Аққу жеткен» мен Илия Жақанов «Балқантаудың гүлдері» әнін республикалық байқаулардың лауреаты Дулат Аханов, Игілік Омаровтың «Болар елің» және Мұхиттың «Қарақаншық» әнін күйкылжыта салған ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар, сахнаға көтерілген әншілер Нұрлытаң Ермек пен Азат Абдығалым орындаған халық әндері «Бозбала», «Құнан нар» және Мұратхан Егінбаевтың «Сағыныш назы» әндері тыңдарманға таңдай қақты.

Сондай-ақ, күй атасы — Кетбұғыдан басталып Байжігітке, одан Тәттімбет, Аққыз, Әбди, Сембек, Қыздарбек, Айдос, Мағауия Хамзин, Әбікен Хасеновке ауысқан Арқаның шертпе өнері «Ән керуенде» шертіліп, жүректерді тербеді. Республикалық байқаулардың лауреаты Елжас Кәрімов пен Арман Айнабаев жалпы шертпе мәдениетінің отандық алтын қазығы болған Арқа мектебінен дәріс алған түлектер екенін танытты. Қобыздың қоңыр үнімен құлақ құрышын қандырған республикалық күй байқаулардың лауреаты Дариға Хамза, ата өнердің атын өшірмей, болашаққа жалғап жүреріне көрермен көз жеткізді. Әр ауылда ән мен күйді қайта орындауды сұраған тыңдарманның ықыласы өнерпаздарға шабыт сыйлады. Айтулы жобаның тағы бір ерекшелігі әр ауылда жүрген әншілерді сахнаға шығарып, өнерін паш етті.

Қазақ өнерін әлемдік деңгейде насихаттап жүрген еліміздің талантты әншілері, домбырашылары мен қобызшысы атсалысқан, бұл шараның мән-мағынасы мен сән-салтанатын, төл өнерімізге қосқан үлес есебіне баладық.

Айта кетейік, «Ән керуен» жобасы келешекте де жалғасалы.

● БӘРЕКЕЛДІ!

## Оқу грантына ие болды

«Astana Innovation» АҚ-ның ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында өткен «STEM олимпиада – білім берудегі инновациялар» халықаралық олимпиадасында теміртаулық 10-сынып оқушылары бас жүлде алса, Қарағанды қаласының 11-сынып оқушылары Astana IT University-де оқу грантына ие болды.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Зияткерлік сайысқа Қазақстанның түпкір-түпкірінен 280-нен астам команда қатысты, яғни 180 оқу орнынан 500-ден астам оқушы білімін сынады. Олимпиадаға Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан оқушылары да келген.

Бас жүлдеге Astana IT University-де оқуға арналған екі грант берілді. Сондай-ақ, жеңімпаздарға ойын консольдері, ноутбуктер, кіріктірілген оқу бағдарламасы бар планшеттер, смартфондар, эшшн-камералар, смарт-сағаттар, электронды кітаптар сыйға берілді.

Теміртау қаласының № 20 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушылары Данил Лазарев пен Артемий Кочетов олимпиадада бас жүлде иеленді. Жетекшісі — Әли Ахмет. Оқушыларға жеңісі үшін кубок пен PlayStation табысталды.

«Дарын» ММЛИ 11-сынып оқушыларынан құралған (Ера-

сыл Советов пен Әлібек Тастен) Teen Spirit командасы Astana IT University-де оқу грантын жеңіп алды.

— Астанада алғаш рет халықаралық деңгейде STEM олимпиадасы өтті. Биыл біздің оқушылар Astana IT University-де оқу грантын жеңіп алды. Мұндай олимпиадаға қатысу үшін балалар маусым айында сынақтан өтті. Олар винтіген оқу бағдарламасы бар планшеттер, смартфондар, эшшн-камералар, смарт-сағаттар, электронды кітаптар сыйға берілді. Екінші күні 120 сұрақтан тұратын бағдарламалау және модельдеу тестілеуі болды. Екі турдың қорытындысы бойынша оқушылар ең жоғары балл жинады, — деді команда жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Әсел Қасым.

● ФЕСТИВАЛЬ

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды музыкалық комедия театры төртінші рет «Құжандия» халықаралық фестивалін өткізбек. Балаларға арналған шараның ашылуы екінші желтоқсанда деп күтілуде. Жоба ұйымдастырушылары үш күн ішінде жеті қойылым қоймаққа ниетті. Аталмыш қойылымдар Баку, Смоленск, Озерск, Астана және Шымкент қалаларында сахналанып үлгерген.

— 2019 жылдан бастап біз «Құжандия» халықаралық қуыршақ театрларының фестиваль-жобасын жүзеге асырып келеміз. Оның географиялық ауқымы кең. Жер бетінен Бразилия мен Францияның ұжымдары қатысты. Біз әлемдік театр кеңістігіндегі қуыршақ жанрының қыр-сырын ашып көрсетуге тырысамыз. Бұл жобаға өз дәстүрлері мен тарихы бар театрлар шақырылған. Жалпы қолға алған ісіміз көптің көңілінен шығады деген ниеттеміз, — дейді музыкалық комедия театрының жетекшісі Амантай Ибраев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қуыршақ қойылымдары жас балалармен қоса ересектерге де қызықты болады деп сендіруде. Челябин облысындағы Озерск



## Қуыршақтар думаны

қаласының «Золотой петушок» қуыршақ театры «Ұйықтамайтын» дарға арналған Серенада — «Маша жастықпен қалай ұрысып қалды» атты қойылымдарын қоржындай келіпті.

Ал, Шымкент қалалық қуыршақ және жас көрермен театры Винни-Пух туралы белгілі ертегіні қазақ тілінде көрсетеді. Онда балалар аю мен оның достары бастан кешетін жақсы және күлкілі оқиғалардың белсенді қатысушылары бола алады.

Сондай-ақ, Абдулла Шаиг

атындағы Әзірбайжан мемлекеттік қуыршақ театры «Ақ және қара» драмасын ұсынады. Бұл әлемде жарық іздеп қайың таяқшасымен кезіп жүрген соқыр баланың оқиғасы. Баланың тәлімгері жел болады. Ондағы ертегі кейіпкері саяхатта түрлі қызықты оқиғаларға тап болады.

Ертегілер елінен базарлықты Д.Светильников атындағы Смоленск облыстық қуыршақ театры да алып келді. Олар Д.Мамин-Сибиряқтың танымал «Сұр мойын» («Серая шейка») ертегісінен



көрініс көрсетеді. Спектакль бірнеше анимация элементтерін қамтиды.

Ал, біздің облыстан Қарағанды музыкалық комедия театрының екі қойылымы — «Домбыраның алтын ішектері» ертегісі және Киплингтің туындысы бойынша қойылған биік қуыршақтардың қатысуымен «Өздігінен жүрген мысық» спектаклі бақ сынамақ. Осынау фестиваль аясында дөңгелек үстел өтеді. Аталмыш жиында арнайы мамандар заманауи қуыршақ өнерінің үрдістерін талқылайды. Жаңа жыл қарсаңында қаланың жас тұрғындары мен қонақтарын осындай шынайы бағдарлама күтеді.

● ҚҰЛАҚҚАҒЫС

## Айыппұл арқаламаймын десеніз...

Қар түссе де, доңғалағын ауыстырмаған көлік иелерінің қарасы көп. Бүгіннен бастап көлік дөңгелегін ауыстырмағандарға айыппұл салынады.

Қыс келді. Жол үсті тайғақ болғаннан, қаншама көлік жол апатына ұшырады. Мұндай апаттар көліктің жазғы дөңгелегін ауыстырмаған жүргізушілердің тарапынан орын алуда. Бүгіннен бастап, дөңгелегін ауыстырмаған жүргізушілерге Әкімшілік кодекстің 590-бабы 5-бөлігі бойынша 5 АЕК (2022 жылы 15 315 теңге) көлемінде айыппұл салынады.

Өз тілшімізден

Жаңалықтан құр қалмаңыз!  
«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ  
www.ortalyq.kz

Электрондық пошта:  
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



## ● ЖАҢА КІТАП

# Музыка әлеміне соны қадам

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ирина Колесникова Қазақстанның хор өнері тұрғысындағы айтулы да санаулы өкілдерінің бірі. Қазіргі кезде Ирина Тәттімбет атындағы өнер колледжіде ұстаз, дирижер-хормейстер болып қызмет етуде. Музыканың кәнігі маманы Ирина Викторовна «Қазақтың хор өнерінің әдебиеті» пәні бойынша тәлімгерлерге дәріс береді екен. Ондаған жылдар бойына бұл пәнді жанына серік еткен ұстаз бергін келе жинақтаған тәжірибесін кітапқа түсіруге бел бұған көрінеді.



– Қазақтың хор өнері турасында айтарымыз көп. Маған қазақ хор әдебиетінің әлеміне бойлатқан марқұм профессор Владимир Филипенко еді. Ғазиза Жұбанова, Құлдис Қожамиров, Борис Лебедев сынды ұлы композиторлардан бері жалғасып келе жатқан бұл өнер түрі бүгінгі күнде де насихаттауды қажет етеді. Сондықтан, бойдағы құнды мәліметтер мен азы-көпті тәжірибемізді кітап бетіне қалдыра кеткенді абзал санадық, – дейді автор.

Идея Петербургтегі кезекті жиын кезінде өрбіген. Профессор Пернебек Шегебаевпен танысқан соң шешім қабылданды.

– Профессордың жетекшілігімен іске кірістік. Әлбетте, бұған Тәттімбет колледжі де барынша игі ықпал етті. Ақыры өнер колледжінің мерейлі 70 жылдығына орайластырылған оқу құралы, жалғанның жарығын көрді.

Еңбек мазмұны Министрлік талаптарына толығымен жауап береді. О баста орыс тілінде басылған кітап Қазақстанның әр тарабына жөнелтілді. Қазақстанның Халық әртісі А.Жаманбаев, Мәдениет саласының үздігі Л.Ясанова, Білім беру саласының үздігі Л.Жүнісовалар секілді өнер майталмандарының лайықты бағасын алған құнды еңбек қазақша тәржіманы қажет етті. Еліміздегі музыкалық білім ордаларының мамандары тарапынан кітапты қазақ тіліне аудару туралы ұсыныс түсе бастады. Ең бастысы, оқылықтың орнын толтырған оқулық Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің оң бағасы мен қолдауына ие болған. Толықтыра түссе, құба-құп болатындай сезілді. Әсіресе, қазақтілді тәлімгерлерге аударай қажет дүние.

Кітапты толықтырып басуға ба-аяғы екі жыл кеткен. Автор қазақ тіліне аудару кезінде «Ortalyq Qazaqstan» газетінің корректоры Жазира Ахметоваға алғыс білдіреді. Әлбетте, мұндай оқулықтар әлі де тапшы. Өзір бұл қазақ тіліндегі бірден-бір оқу құралы. «Өнер колледжінің мерейтойына тұспа-тұс келгендігі қуантады», – деп ағынан жарылды Ирина Викторовна.

# Соңғы айналымның жүгі ауыр

А және В тобы топтық кезеңдегі соңғы ойындарын өткізді. Топтық кезеңнен шығуға мүмкіндігі зор бола тұра Уэльс құрамасы бұл жолы үйге қайтты. Ал, сенегалдықтар, соңғы ойынды өз пайдасына шешіп, келесі кезеңге жолдама иеленді.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

**Г тобы**  
Бразилия құрамасы швейцариялықтарды 1:0 есебімен жеңді. 6 ұпаймен топтық кезеңде көш бастаған бразилиялықтар 1/8 финалға жолдама алды деп сеніммен айта берсек те болатын шығар. Себебі, олар үшінші айналымда Камерун құрамасымен кездеседі. Тек, бір ұпайы бар камерундықтар Бразилия құрамасына төтеп бере алмасы анық.

Камерун мен Сербия құрамаларының арасындағы кездесу 3:3 есебімен аяқталды. Екінші айналымның қорытындысы бойынша қос құраманың қоржынында – 1 ұпайдан. Қос құраманың да топтық кезеңнен шығу мүмкіндіктері төмен. Үшінші кездесуде Сербия Швейцария құрамасын жеңсе, топтық кезеңнен екінші болып шығады. Тағдырын осы кездесу шешпек.

**Н тобы**  
Португалия құрамасы 2:0 есебімен екінші айналымда Уругвай құрамасын жеңді. Португалиялықтар да топтық кезеңнен шықты десек те болады. Себебі, қоржынында 6 ұпайы бар олар, үшінші кездесуде Оңтүстік Корея құрамасына есе жібермесі хақ.

Қос команда 2018 жылғы әлем чемпионатының 1/8 финалында кездесіп, Уругвай құрамасы португалиялықтарды жарыс жолынан шығарып жіберген. Бұл жолы уругвайлықтар өкінішке қарай сол жеңісін қайталай алмады. Қазір олар турнир кестесінде соңғы орында. Егер үшінші айналымда Гана құрамасын жеңсе, топтық кезеңнен шығуы мүмкін.



## ● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Мүмкіндік шектелмейді

Достық үйінде Байқоңыр ғарыш айлағынан алғашқы зымыранның ұшырылғанына 65 жыл толуына орай зағип және нашар көретін мүмкіндігі шектеулі жандар арасында «Music Galaxу» атты вокалдық конкурс өтті.

Жаная СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шараға Қарағанды, Абай, Теміртау қалаларынан 25 әуесқой әнші қатысып, сайыста бақ сынады.

Байқау ережесіне сай әншілер өз қабілетіне сай ерекше әндерді шырақ, көрермен жүрегінен орын ала білді. Тіпті, арасында кейбір қатысушылардың музыкалық ілімі жоқ болса да, максаттылығын байқамауға болмас еді. Қазылар алқасы сайыс қатысушыларының дауыстары мен ән орындау шеберліктерін сарптады. Сонымен қатар, сахна мәнері мен әуен үйлесімділігіне де мән берді.

Екі кезеңге созылған байқаудың бас жүлдесіне тігіл-

ген 100 мың теңге қаржылай сыйлық қарағандылық Екатерина Абишеваға бұйырды.

Ал, I орынды Фариза Бекмағанбетова және Теміртау қаласынан келген Эльмира Жұланова алды. Оларға 80 мың теңгенің сертификаты ұсынылды.

Сонымен қатар, 7-13 жас аралығында балалар арасынан I орынға Нұрсая Рзағали ие болды. Бұл санаттағы II орынды Абай қаласынан қатысқан Айымгүл Қуанғанқызы, Константин Матковский, Злата Малышева, Амантай Кривов және Татьяна Вихарева алып, 60 мың теңге еншіледі.

Қалған барлық қатысушыларға дипломдар мен 5000 теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар берілді. Кеш соңында барлық қатысушылар мен көрермендерге Қарағанды қаласының мәдениет саласында еңбек сіңірген, бүгінде өнер мектептерінде ұстаздық қызмет ететін әнші, композитор 8 қырлы бір сырлы Марат Бекшиев өзінің ән пашуын көпшілікке паш етіп қатысушылар мен көрермендерді қуантты.

Бұл байқауда мүмкіндіктер шектелмейтіндігін өнерпаздар дәлелдегендей.

## ● ДЖИУ-ДЖИТСУ

# Жерлестер рекорд орнатты

Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Әбу-Даби де джиу-джитсудан өткен халықаралық фестивалде облыс атынан сынға түскен балуандар үлкен олжамен оралды. Облыс құрама командасының қоржынына спортшылар 31 алтын, 9 күміс және 5 қола медаль салып, рекорд орнатты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында арнайы күтіп алып, сый-сияпат табыстады.

– Қарағанды облысының тарихында бұл – біздің спортшылар бірден көптеген алтын медаль жеңіп алған алғашқы жағдай. Бірақ жарысқа дайындық өте мықты болды, балалар жеңіске дайын болды. Әлемнің көптеген елдерінің балуандары қатысты. Жекпе-жектер 11 кілемнің үстінде өтті. Біздің ең кішкентай спортшыларымыз да кем дегенде 2-3 жекпе-жек өткізді, – дейді облыстық джиу-джитсу федерациясының президенті Аян Шермағамбетов.

Аталмыш турнирге Иоанның отбасы мүшелері қатысып, құр қол қайтпаған. Өзі күміс жүлде алса, отбасындағы ең кішісі Николай 5 жаста болса да жарысқа қатысып, күміс жүлдегер атанған. Ал, оның әпкелері Варвара алтын, Матрона күміс еншілеген. Сондай-ақ, ата-аналары да есе жібермеді. Әкесі де турнирдің күміс жүлдесін иемденген.

– Біз бүкіл отбасымызбен джиу-джитсуға құмармыз. Әуелі Иоанн осы спорт түрімен айналысты. Кейін мен де қызығып, жаттығу залына бардым. Бұл – қызықты әрі жаракатсыз спорт түрі. Қазір отбасымызбен айналысатын сүйікті спорт түріне айналды. Анамыз – джиу-джитсудан Азия чемпионы. Алайда, бұл турнирде өнер көрсеткен жоқ. Кішкентай сіңліміз бар. Ол әлі 2 жаста. Өскен соң, ол да бізбен бірге жаттығады, – деді Варвара есімді бойжеткен.

Соңғы екі жылда Қарағанды облысында джиу-джитсу бойынша 11 секция ашылған. Бүгінде ол секцияларда мыңнан астам адам жаттығады.

## ● ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

# Олжамен оралды

Ақтобе қаласында тоғызқұмалақтан өткен VI Әлем чемпионатында Шет ауданының ағайынды спортшылары Асылхан Қожанәсіп жүлде II орынды, Аңсаған Қожанәсіп III орынды еншілеп қайтты.



20 мемлекеттен 100-ден аса кәсіби спортшылар қатысқан долада жерлестерімізге жүлдеге қол жеткізу оңайға соқпаған көрінеді.

– Тоғызқұмалақ – ақыл-ойдың ұшырлығын талап ететін ең күрделі ұлттық ойын түрлерінің бірі. Және есепке жүйрік болуды талап ететін спорт ойынында жүлдегерлер қатарынан көрініп, ел намысын қорғағанымызға қуаныштымыз, – дейді Асылхан Қожанәсіп.

## ● БОКС

# Боксшылар бақ сынауда

Қарағандыдағы Серік Сәпиев атындағы бокс орталығында 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер арасында XXX Жазғы Олимпиада ойындарының чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Серік Сәпиевтің жүлдесіне арналған X ашық республикалық турнир басталды.

Турнирде Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан спортшылары мен Қазақстан Республикасының ең мықты боксшылары бақ сынауда. Финалдық кездесу 2 желтоқсанда өтеді.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: [www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: [ortalyk.kz@gmail.com](mailto:ortalyk.kz@gmail.com) [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жарнама бөлімі: [ortalyk.reklama@mail.ru](mailto:ortalyk.reklama@mail.ru)

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ІЕСІ:  
«Сауатқа адрат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директор Қайрат ӘБІДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы  
Оксана МЯГКИХ  
Директордың орынбасары  
Гүлмира ЖҰМАДІЛДИНОВА  
Бас редактор  
Ерсін МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Назым ДҮТБАЙ  
Интернет-редакция редакторы  
Ілияс МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы  
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:  
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Экономика бөлімі: 43-31-77  
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88  
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72  
Әлеумет бөлімі: 43-49-72  
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92  
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;  
Компьютер орталығы: 43-58-08.  
Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

• Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.  
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген. **Б**  
• Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KJCLKZKX БИН 000840001412

№134 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік  
орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор  
Ербол ЕРБОЛАТ



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

■ МӘСЕЛЕ



## Мектеп кітапханашысының мәселесі қандай?

«ШАМШЫРАҚТЫҢ» БЫЛТЫРҒЫ САНЫҢДА ҚАЛА КІТАПХАНАШЫЛАРЫНЫҢ ӨТІНІШІМЕН КІТАПХАНАШЫЛАР ЕҢБЕГІ ЖАЙЛЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАҒАН БОЛАТЫНЫЗ. ӘЛІ ӨЗГЕРІС БАЙҚАМАҒАН САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТАҒЫ ДА ОЙЛАРЫН ОРТАҒА САЛУДЫ ҰСЫНДЫ. ДЕСЕК ТЕ, КІТАПХАНАШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚЫЗЫҒЫ МЕН ҚИЫНШЫЛЫҒЫ ҚАТАР ЖҮРЕТІНІ ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕНІ БІР МАҚАЛАҒА СЫЙДЫРУ МҮМКІН ЕМЕС.

Аялым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітапханашы бүгінде тек қана оқырманға кітап беріп қана қоймай, көптеген маңызды жұмыстарды атқарады. Заман талабына сай күнделікті ақпарат ағымын оқырманға жеткізеді. Сонымен қатар, кітапхананың бар қорын сақтап, елге насихаттап, түрлі форматтағы іс-шаралар мен әдеби кештерді ұйымдастырады.

Бекітілген атаулы күндер мен белгілі ғалымдардың мерейтойларына арналып тақырыптық көрмелер қоюшы, оқырманның талабына сай кеңес беруші, кітап пен кітапхананы, ұлттық құндылықтар мен оқырман арасын жалғастыратын да кітапханашы. Сонысымен олар бүгінгі қоғамға аса қажет маңызы иесі болып отыр.

Десек те, кітапхананың қорын сақтайтын, оқырманға қызмет көрсететін мектеп кітапханашыларына ерекше тоқталған жөн.

Иә, бүгінде мектеп кітапханашыларына мемлекет тарапынан едәуір жағдай жасалып жатқаны белгілі. Айғағы сол – қаламыздың білім беру ұйымдарының кітапхана қорын жаңа көркем әдеби кітаптармен жылда толықтырып отыру жақсы жолға қойылды. Сондай-ақ, мектеп кітапханаларын лайықты жиһаздармен толтырып, еден төсеністерінің де жаңартылуы, заман талабына сай безендірілуі де көз қуантатын жағдай. Бірақ, бүгінде мектеп кітапханашылары үшін шешімін таппай келе жатқан мәселелер де бар. Әр оқу жылы басында білім беру ұйымдарын оқулықпен қамту кезеңі басталады. Мектеп кітапханашылары бұл жауапты істі мойын-

дарына міндеттеп алған. Солай бола тұра кітапты уақытында алып, тиісті білім беру ұйымдарына жеткізу нағыз «қан мен тер». Кітапханашылар кітап алу үшін таң ата кезекке тұрып, мыңдаған кітап салынған қораптарды санап алып, кеш бата қайтуы кітапханашы күшінің арқасында орындалады. Осы мәселені жүйеге келтіріп, әр білім беру ұйымына мыңдаған қорап кітапты жеткізіп беруге мүмкіндік жасалса деген әр кітапханашыда бір арман бар...

Екінші мәселе – кітапхана қорындағы тозығы жетіп, мазмұны ескірген мыңдаған оқулықтарды қор есебінен шығару мектеп кітапханашылары атқаратын маңызды іс. Оған қоса қор есебінен шығатын мыңдаған оқулықтарды жинап сақтауды кез келген білім беру ұйымдарының кітап қоймасының

жағдайы көтере бермейді.

Бір жағынан мектеп кітапханашыларын білім беру ұйымдарында техникалық қызметкерлермен теңестіріп қойғаны да түсініксіз жайт. Жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, білім жолына бағыттайтын мектеп кітапханашылары техникалық қызметкерлер қатарында тұрғаны қызық.

«Баяғы жартас сол жартас» болып тұрғанымен, өресі биік кітапханашылар еңбектерін адал атқарып келеді.

Қарағандыдағы қала мектептерінің кітапханашылары еңбектерінің бағаланып, қоғамда өзінің лайықты орнын тапқанын қалайды. Министрдің сөзін алға тартқан олар заманның қай кезеңінде кітапханашы мамандығы жайлы ұғым жоғары болуы тиіс дегенді алға тартады.

■ ТАНЫМ



Гилияс  
ЖАНСУГІРОВ

## Заманғасқа

Өнерге ұмтыл,  
өнергі діл заманғас!  
Қамдан, жатпа,  
заманыңнан хабарлас!  
Ынма салсаң, білім туын  
қолға алсаң,  
Теңгік тиер, ешкім күйе  
жава алмас.

Шөлдеп тапқан судан  
дасын ала алмас,  
Шөлдемеген суға дасын  
сала алмас.  
Жаста ділген,  
дасқа сіңген төлімің  
Өзің өлмей сүйегіңнен  
қала алмас.

Жаста жақсы мінезді  
ізген ала алмас  
Онда біздей хайуан  
тіпті жаралмас!  
«Тс Құдайға, ерік  
диреуде» дегенмен,  
Біз қозғалмай, жау  
жабдығын жаба алмас.  
«Құдай жазды, менде  
не бар» дегенмен,  
Мұның дос сөз, кешінені  
өкпең қаба алмас.

■ МЕРЕЙ

## Жеңімпаздар – арамызда



ЕКІ МӘРТЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҰЛЫ ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВТИҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘНЕРЛЕП ОҚУ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫП, ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН ИЕЛЕНГЕН МЕКТЕБІМІЗДІҢ 10-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ЕРСІН ӘЛІМХАНДЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ.

Байқауда Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды қалаларынан жас сарбаздар сайысқа түсті. Батырға арнап өз шығармашылығынан өлең оқыған Ерсін топ жарып, жүлделі II орын иеленді. Бұл Ерсіннің алғашқы жеңісі емес. Бұдан бұрын Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровке арналған «Қыран қазақ» облыстық конференциясының «Мұзбалақ қырандары» бағыты бойынша өткен байқауына және қалалық «Жыр алыбы – Жамбыл» байқауының «Өлеңмен ойып оюды» мәнгерлеп оқуына қатысты. Елдегі тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған «Ұлылардың ұлысы – Абай», Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына орай «Азаттық жырының ақтангері» мәнгерлеп оқуларына қатысып, жүлделі I, II орындар алып, дипломдармен марапатталды. Алдағы уақытта да Ерсінге алар асуың, шығар шыңдарың мол болсын демекпіз.

Замзя АБДУАЛИЕВА,  
«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БАЛҚАШ

■ БАЛАУСА ҚАЛАМ



АХМЕТ АТА!

Ахмет ата рақмет сізге!  
Ахмет ата құрмет сізге!  
Ұрпағыңа білімнің алтын кенін  
Мұра етіп қалдырыңыз мына бізге.

Құрметпен мәңгі өтеміз,  
Тазым етіп баріміз.  
Сара жолын салдыыз  
Қазағыма дара із.

Өмір сүру әдебін,  
Әліппеден үйрендік.  
Өскен кезде баріміз  
Үлгі болып жүрелік.

Өнегелі ұстаз едіңіз,  
Көпке үлгі бола алған  
Бақытты бүгін ұрпағың  
Сіз армандан қолға алған!

Бексұлтан ЧАПАЙ,  
№14 мектеп-гимназиясының  
4 «Ә» сынып оқушысы

ҚАРАҒАНДЫ



■ КҮН САУАЛЫ

## Жастарды ғылымға тарту үшін қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Бұл сұраққа Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жауап берді.



«Қыркүйектен бастап магистратура, PhD докторантура шәкіртақысын 20%-ға өсірдік. Мысалы, қазір PhD докторларының шәкіртақысы 195 мың теңге. Оның үстіне осы жылдан бастап «Жас ғалым» бағдарламасының негізінде 1000 грант беріп жатырмыз. Шәкіртақысы – 500 мың теңге. Яғни, жас ғалымдардың ғылыммен айналысуына мүмкіндіктер бар», – деді ол.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі



«Ғылымды танып – білуде ережеден мысал пайдалырақ»  
Исаак НЬЮТОН

■ ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

# Жақсы адам – жақсы ұстаз



СҰЛУ СӨЗДЕН МАР-ЖАН ТЕРГЕН ШЕШЕН-ДЕР «ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ҰҒЫМ» ДЕП БЕКЕР АЙТПАСА КЕРЕК-ТІ. БАР ҒҰМЫРЫН БІЛІМ САЛАСЫНА АРНАП, АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН АБЫРҒА БӨЛЕНГЕН ЖАҢНЫҢ БІРІ – РАҚЫМ РАҚЫМ-БЕРГЕНОВ.

Сағынш ӨБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

1971 жылы Қарағанды қаласындағы дене тәрбиесі педагогикалық институтына түсіп, 1975 жылы дене тәрбиесінің оқытушысы мамандығын алып шығады. Алғаш еңбек жолын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен бастайды. «Самбо» күресінен жаттықтырушы болады. Кейіннен мектептерде денешынықтыру пәні мұғалімдері жетіспеуіне байланысты №2 орта мектепке жұмысқа орналасады.

– Мектепте 1975 жылдың қыркүйегінен 1979 жылдың желтоқсанына дейін қызмет атқардым. Сол кезде, балалардың спортқа деген қызығушылығы өте жоғары болатын. Спортзал бос болмаушы еді. Тіпті, сабақ кестесіне сыймаған бастауыш сынып оқушылары денешынықтыру пәнін мектеп дәлізінде өтетін, – дейді Рақым аға.

Салауатты да сау ұрпақ тәрбиесіне үлес қосуды мақсат еткен ұстаз оқушыларды күрес, футбол, хоккей ойындарына баулыды.

Уақытын аямай, қажырлы еңбек етті. Сол кездегі Төлеутай Әлиев, Дулат Ералин, Мұрат Мерсалимов, Талғат Оспанов, Сымбат Оспанов (марқұмдар), Бо-стан Төлешов, Мейрам Ташимов, жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы Серік Алшынбаев сынды оқушыларын әлі күнге мақтан тұтады. Ұстаздың өмірдегі басты жемісі – шәкірт жетістігі.

1979 жылдың аяғында Қазақстан бойынша оқушылар арасында «Жастар» спорттық қоғамы құрылып, білім бөлімі бойынша әдіскерлікке шақырылады. «Жастар» спорт қоғамы төрағасының орынбасары, әдістемелік кабинеттің дене тәрбиесі мен спорт және алғашқы әскери дайындық пәнінің әдіскері, «Жалпыға бірдей білім беру» маманы, мұғалімдердің көсіподақ ұйымының төрағасы қызметтерін атқарды.

П.Толстойдың «Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкірттеріне

деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол нағыз кемел ұстаз» деген керемет сөзі Рақым ағаның еңбек жолына арналғандай. Білім бөліміне ауысқаннан кейін спортзалдары мен алаңдарын жабдықтауда, алғашқы әскери дайындық пәнінің материалдық базасын жасауда көптеген жұмыс атқарды. Денешынықтыру пәні ұстаздарының замануи білім-біліктілігін арттыруға күш салды. Мектепке жас мамандарды тартып, денешынықтыру пәнін оқытуды жандандыра түсті.

– Сексенінші жылдардың ортасында «Спорт алаңдарының» республикалық байқауы өтіп, РТС бөлімшесіндегі №9 орта мектебінің спорттық алаңы ауылдық мектептер арасында бірінші орын иеленсе, Қызылту ауылындағы №13 сегізжылдық мектебі республикалық Бүкілресейлік Лениндік коммунистік Жастар одағының Құрмет грамотасымен марапатталды, – деп еске алады.

Қарапайым жан. Мақтануды білмейді. Жеткен жетістік адалдықтың өлшемі болуы керек, сонда қадірлі боласың деген ұстаныммен 41 жыл бойы білім саласында үздіксіз еңбек етті. Еңбегінің жемісі шәкірттері, саналы ұрпағы, үлгілі отбасы. Білім саласына сіңірген ерен еңбегі елеусіз қалмады. 35 жасында «Қазақстанның халыққа білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Қызмет жасаған жылдарда Негербек Сыпатайұлы, Бөпежан Негербекұлы, Вероника Александровна, Райса Гайнутдиновна, Рысбек Темірбайұлы, Дәуітбай Қоспайұлы, Тілек Садуақасұлы секілді білімді де білгір, салықалы адамдармен бірге жұмыс істеп, үлкендер салған сара жолдан өнеге алды.

Ұлттың ұлағатын, халықтың кісілік келбетін айқындайтын құндылықтарды бойына сіңірген Рақым Рақымбергенұлы үлгілі еке, өнегелі ата ретінде жары Гүлнар Мұқашқызымен саналы ғұмыр кешуде. **Қарқаралы ауданы**

■ МИНИСТР МІНБЕРІ


«Республика бойынша 700-ден астам колледжде Жұмыс берушілер күні өтіп жатыр.

1. Енді жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және са-раптауға тікелей қатысады. Яғни, колледждер нарық сұранысына қарай оқу бағдарламаларын жасайды.

2. Колледждердің білім беру бағдарламаларының тізілімі іске қосылды. Жұмыс берушілер оларды көріп, өз ұсыныстарын бере алады.

3. Колледждерге күтілетін оқу нәтижелеріне байланысты жұмыс берушілермен бірлесіп оқу мерзімдерін анықтау құқығы берілді»

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Оқу-ағарту министрі



■ МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІ

## «Солай ма?...»

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ. ХХІ ҒАСЫРДА ЕЛІМІЗ ҒАЛАМДАНУ ЖӘНЕ ЖАҢАҢДАНУ ПРОЦЕСІНЕ КӨШУДІ БАСТАДЫ. ОСЫ ПРОЦЕСТІ ЖАНДАНДЫРЫП ДАМУДА ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛКІТІЛІГІ ОРАСАН ЗОР РОЛЬ АТҚАРАДЫ. ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМДЕРГЕ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДҰРЫС ЖӘНЕ САУАТТЫ ҚОЛДАНУ ЖҮЛДАН-ЖҮЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛУДА.



Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты теңестіретін – білім» деп айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – басты мақсатымыз. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Танымал американдық ғалым Джон Дьюидің «Егер біз балаларымызды кешегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңгі ұрлаймыз» – деген сөзін негізге ала отырып, болашақ ұрпақты заман талабына сай оқытуымыз керек.

Сондықтан, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алу-да. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, яғни білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды.

Іздену жолдары арқылы ұстаздар әр түрлі оқыту әдістерін меңгеріп, білім үрдісіне қолданып келеді. Оны таңдап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Мысалы, белгілі бір тақырыпты, немесе тарауды аяқтаған соң оқушылардың білімін тексеру үшін «Солай ма? ...» әдісін қолданып жүрмін. 3-сыныпта «Сөйлем» туралы тақырыптарды аяқтаған соң оқушыларды жұптастыра отырғызып, әр жұпқа бірнеше ереже, анықтама, тұжырым жазылған парақша беремін.

Мысалы: Хабарлы сөйлем дегеніміз не? «Солай ма? ...»

• Бірдеңе жайында хабарлау мақсатымен айтылған сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз.

• Бірдеңе жайында сұрау мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.

Оқушылар өз жұбымен ақылдасып, дұрыс ереже, не дұрыс анықтаманы табады, мысал келтіреді, дәлелдеп айтады.

**Сұрақтар шеңбері әдісі:** Бұл әдісті әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану сабақтарында белгілі бір тақырып бойынша немесе тарау бойынша қайталау сабақтарында қолданамын. Оқушылар шеңбер жасап отырады. Бір шеңберде 5-6 оқушы болу керек. Өр шеңбердегі оқушыларға тақырыпты, не тарауды ашатын сұрақтар беріледі. Ойлануға 3 немесе 5 минут беріледі. Бірінші шеңбердегі оқушылар бірінің сөзін бірі толықтырып, сұраққа жауап

береді. Екінші шеңбердегі оқушылар бірінші шеңбердегі оқушылардың жауаптары дұрыс болса жалғастырып сөйлейді, дұрыс болмаса қатесін түзеп толықтырып айтады. Осылай ең ішкі шеңберге дейін айтып шығады. Оқушылар бір тақырыпты, не бір тарауды толық түсіндіріп, дәлелдеп, өз пікірлерімен қорытынды жасап айтады. Сонда оқушылар бір-бірін тыңдайды, сөйлеуге машықтанады, өз пікірлерін айтады, барлық оқушы қатысады.

Сол сияқты, жеке тұлғаға бағытталған оның шығармашылығын дамытып, білім сапасын арттырып білімді толық меңгерудің әдісі Блум жүйесінің алты қадамын пайдаланам. Мысалы, әдебиеттік оқу пәнінде Қаныбек Әбдуовтың «Құралай» әңгімесін өткізудегі тәжірибем:

Реті	Оқушының іс-әрекеті
Білу	Әңгімені оқып шығады. Құралай қандай аңның төлі екенін айтып, білгендерін ортаға салады.
Түсіну	Түсінгендерін әңгімелеп айтады, әңгімедегі әр азат жолдың мазмұнын салыстырады, өз ой-пікірлерін айтады.
Қолдану	«Үштік әдіс» бойынша үш топқа бөлінеді. 1 топ: «Атасы ауа райын қалай болжады?» 2 топ: «Құралай» 3 топ: «Атасының ақылы» деген тақырыптар бойынша постер жасап, қорғауға кіріседі. (Суреттер бойынша, дөңгелек үстел, Даналық ағашы, сахналық көрініс т.б.)
Талдау	Әңгімедегі мақал сөздің, немесе «Дарқан даланың тілін ұқ, сырын сезінуге тырыс» деген сөздің мағынасын ашып түсіндіреді.
Жинақтау	«Құралай» тақырыбына 5 жолды өлең, синквейн жазады. Әңгіме бойынша өз ой-пікірлері мен ой-тұжырымдарын айтады.
Бағалау	Мен ойлаймын .... Мен әңгімедегі айтылған пікірге немесе сөзге қосыламын .... Мен киікті, ақбөкенді атып, өлтіргендерге қарсымын. Өйткені ...

Болашақ ұрпақты жаңа тұлға ретінде тәрбиелеу қазіргі заманғы педагог, жаңашыл ұстаздардың ғана қолынан келеді.

**Рысқұл ДЕМЕСІНОВА,**  
**Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының**  
**бастауыш сынып мұғалімі**

Шет ауданы

■ ӨНЕГЕ

## Өрендер өнерімен танылды

ДАУЫЛПАЗ АҚЫН ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ АРТЫНА ӨШПЕС РУХАНИ МҰРА ҚАЛДЫРҒАН.

Ақынның туған күнінде Жақып Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханашылары Гүлжанат Жолдыбекова мен Айман Қожабаева ақын Қасым Аманжолов шығармаларын насихаттау мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында



2-сынып оқушылары арасында «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...» атты I мектепшілік Қасым оқуларын ұйымдастырды.

Сайысқа қатысушылар ақынның Отан, туған жер, ерлік тақырыбындағы шығармаларын мәнерлеп оқыды. Дәстүрлі ән өнерін насихаттайтын №2 музыка балалар мектебінің ұстазы Ахмет Жақсылық ақынның сөзіне жазылған әндерді әуелетіп, іс-шараның ажарын аша түсті. I дәрежелі дипломды Айзере Төлеутай, II дәрежелі дипломды Кәусар Тәңірберген, III дәрежелі дипломды Әлинуар Ахмет иеленіп, Серәлі Қәби Алғыс хатпен марапатталды. Жас ұрпаққа рухани, патриоттық тәрбие беретін іс-шаралар жалғаса бермек.

Гүлжанат ЖОЛДЫБЕКОВА,  
Ж.Ақбаев атындағы мектептің кітапханашысы  
ҚАРАҒАНДЫ

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын, мінез деген сауыт болады»  
Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

■ ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ

## Мейірім шуағы

АДАМЗАТТЫҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ БІРІ – МЕЙІРБАНДЫҚ. ЕЛІМІЗДЕ ЖЫЛ САЙЫН 29 ҚАЗАН – ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ АТАП ӨТІЛЕДІ. ҚАМҚОРШЫ – ТҮРЛІ СЕБЕППЕН АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ АЛЫП, ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУГЕ БЕЛ БУҒАН ЖАНДАР.

Мейірімділік танытқан жандар мерекесі оларға ризашылық білдіру әрі қолдау мақсатында белгіленген. Мереке қарсаңында қамқоршылар бала тәрбиелеудегі еңбегі үшін қалалық білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар №18 мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен Дархан Жақсылықов, Назерке Қалдыбек марапатталды. Қамқоршыларға мектеп әкімшілігі тарапынан естелік сыйлықтар табысталды. Алақан жылуын, мейірімділіктің аңсаған әр баланың жүрегіне жылылық ұялатып, бақытқа бөлеу борышымыз. Ендеше, болашағымыз жарқын, ұрпағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге қолдан келер қамқорлығымызды аямайық. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға мейірім шуағын сыйлап, ертеңгі жарқын болашаққа сенім ұялатып жүргендеріңізге үлкен алғыс айтамыз.

Жанар ЖҮРГЕМБАЕВА,  
№18 мектептің әлеуметтік педагогі  
ҚАРАҒАНДЫ





